



ЖЕМІСТІ ЕҢБЕККЕ ТОЛЫ 20 ЖЫЛ

2000 жылы негізі қаланған «Халелтану» курсы тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытудағы мәдени-педагогикалық мұралар мен студенттердің интеллектуалдық-кәсіби жүйесін топтастыратын арнайы бағдарлама. Аталмыш курстың негізгі мақсаты – тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдағы орны туралы заңдылықтарды ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан зерттеу, қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым Халел Досмұхамедовтың өмірі мен шығармашылығы туралы, оның отандық ғылымның дамуына, жаратылыстану және педагогика ғылымына қосқан үлесін жан-жақты ашу, педагог-ғалымның тағылымдық мұраларындығы патриоттық тәрбие идеялары негізінде жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар, студенттерге Х.Досмұхамедов университетінің өткені мен бүгінгісін мақтанышпен қабылдауға үйретуге арналған «Халелтану» курсының жиырма жылдық толағай еңбегін толығырақ 5-беттегі сұхбаттан оқи аласыздар.

2 Университет жаңалықтары

БАҚ-пен байланыс – басым бағдар

Республикалық «Айқын» газетінің бас редакторы Нұрмұхамед Байғара Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ректоры Саламат Идрисовпен кездесіп, әріптестік байланыстарды нығайту жөнінде әңгімелесті.

Кездесу барысында Н.Байғара аймақтағы ірі білім ордасының жаңалықтарына редакция тарапынан қызығушылық бар екенін атап өтіп, университеттің жетістіктері мен өзекті мәселелерін газет бетіне шығаруға дайын екенін жеткізді. Өз кезегінде Саламат Нұрмұханұлы университетте БАҚ-пен байланыс жақсы жолға қойылғанын, республикалық, өңірлік басылымдарға білім ордасы ғалымдары мен қызметкерлерінің мақалалары жиі шығып тұратынын, мекеме есебінен газет-журналдарға жазылып, ардагерлер мен қызметкерлерге таратылатынын айтты.

Кездесу соңында мекеме басшылары әріптестікті нығайтуға келісімге келді.



Университет оқытушыларының еңбекақысы өсті

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Білім аласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жалақысының аздығы. Мен 2020 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылдадым. Жалақы мөлшері алдағы уақытта да арта береді», – деген болатын. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сай 2020 жылдың басынан жоғары оқу орындары оқытушыларының

көреміз. Жалпы университет оқытушылары құрамы 4 санатпен қаралады. Біздің университетте дәстүрлі түрде оқытушы, аға оқытушы, ғылыми дәрежесі бар (ғылым кандидаты, Phd) аға оқытушы, қауымдастырылған профессор (ғылым кандидаты, ғылым доктор, Phd), профессор (ғылым кандидаты, ғылым докторы) санаттары есепке алынады. Осы жіктеумен қарағанда, оқытушы жалақысы өткен жылдың қыркүйегіндегі 87364 теңгеден 2020 жылдың қыркүйегінде 132364 теңге болып 51 пайызға өсті. Аға оқытушы орта жалақысы 135390 теңгеден

«Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұжымы 24 жыл еңбек өтілінен кейін, зейнеткерлік жасқа келген «Көптілді білім беру» факультетінің оқытушысы Бижанова Ақмарал Сайынқызын Құрметті еңбек демалысына шығарып салды.

Басқарма Төрағасы – Ректор м.а. Саламат Нұрмұханұлы Идрисов құттықтау сөзінде: «Университеттің негізгі игілігі – жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы десек, осының айқын дәлелі – сіздің 24 жылғы ұстаздық қызметін жауаптылықпен атқаруыңыз. Енді, міне, өмірдің тағы бір белесі – құрметті еңбек демалысына шығып жатырсыз. Жас ұрпақтың рухани жан дүниесін байыту саласындағы еңбегіңіз жемісті болып, алар асуыңыз еңселі болсын» – деп ақ тілегін білдірді. Осы орайда Ақмарал Сайынқызын университетіміздегі болашақ мамандарды оқыту және тәрбиелеу ісіндегі толағай табыстары үшін «Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады. Сондай-ақ облыс әкімінің мерекелік Алғыс хатын тапсырды.

«Қайсар тергеушілер» клубы құрылды

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Атырау облысының Полиция департаменті арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум аясында Атырау облысының Полиция департаменті Тергеу басқармасы мен «Азаматтық құқықтық пәндер» кафедрасы бірлесіп, «Құқықтану» мамандығы студенттері арасында «Қайсар тергеушілер» клубын құрды.



Жұмыс барысында полиция қызметкерлері өздерінің кәсіби білімдерін клуб мүшелерімен бөлісе отырып, қылмыстық істерді жүргізу мен тергеудің заманауи әдістерін көрсетеді. Клуб студенттеріне арналған дәрістер мен тәжірибелік сабақтар тақырыптары жоспарланып, бекітілді. Осылайша, полиция мамандары



болашақта тергеуші бола алатын білікті мамандар даярламақ.

Алғашқы тәжірибелік сабақ Атырау облысы ПД криминалистикалық оқу полигонында полиция подполковнигі Н.Михайловскийдің «Оқиға болған жерді қарау» тақырыбындағы шеберлік сағатымен басталды.



еңбекақы көлемі бірте-бірте өсіп келеді. Атап айтқанда, 2020 жылдың қаңтарында жоғары оқу орындары профессор-оқытушыларының әлеуметтік қамтылуы шаралары барысында салалық министрліктің тапсырмасы негізінде еңбекақы көтеру жұмыстары кезең-кезеңмен іске асырылып келеді. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде еңбекақы көтеру жұмыстары биылғы жылы екі кезеңде жүргізілді. Еңбекақыдағы бірінші өсім ақпан айында жүргізілсе, екінші өсім қыркүйек айында іске асты. Ақпан айындағы жалақыны өсіру оқу орнының барлық профессор-оқытушылары мен қызметкерлерін қамтыды.

Халел Досмұхамедов атындағы университеттің 2019 жылғы қыркүйек пен 2020 жылғы қыркүйек айы аралығындағы еңбекақы төлеу бойынша зерделеуден оның орташа есеппен 27 пайыз көлемінде өскенін

179924 тенгеге, яғни 33% өсіп тұр. Қауымдастырылған профессор (еңбек өтілі 1-25 және одан жоғары, ғылым кандидаты, доктор, Phd) орта жалақысы өткен жылғы 212074 теңгеден 246025 теңге өсіп, өсім 16% құрады. Профессор (ғылым кандидаты, ғылым докторы) орта жалақысы 265304 теңгеден биылғы қыркүйекте 283906 теңгені құрап 7 пайызға өсті.

Сонымен қатар 2020–2021 оқу жылында профессор-оқытушылардың еңбек нәтижесі өнімділігін көтеру және ынталандыру мақсатында КРІ жүйесін енгізу қолға алынды. Бұл жүйе бойынша өткен оқу жылында ғылым, оқу үдерісі, тәрбие жұмыстарында нақты нәтижеге қол жеткізіп, дәлелді құжаттарын ұсынған әріптестеріміз Ережеге сай ай сайынғы жалақыларына 10 мыңнан 100 мыңға дейінгі көлемде үстемеақы алатын болады.

«Көркем шындықтың мұнарасы»

19 қазан - жазушы, драматург, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Рақымжан Отарбаевтың туған күні. Осы орайда, университет ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлының бастамасымен, «Көптілді білім беру» факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен Рақымжан Отарбаевтың шығармашылығына арналған «Көркем шындықтың мұнарасы» атты әдеби-шығармашылық кеші өтті.

Біртуар тұлғаның әдеби мұрасын насихаттауға арналған бұл шараға университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері және арнайы шақырылған қонақтар белсенді қатысты. Аталмыш шараның барысы карантин ережелерін сақтау мақсатында онлайн форматта ZOOM бағдарламасы арқылы жүргізілді.

Тағылымы мол онлайн шараға арнайы қонағымыз – Рақымжан Отарбаевтың шығармашылығын зерттеуші, Махамбет сыйлығының иегері, «Дара» монографиясының авторы Ниетқалиева Гүлзада Рахметқызы ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар ірі жазушы туралы өзінің естеліктерімен бөлісті. Зерттеуші ретінде талдау жасаған Гүлзада Рахметқызы Рақымжан Отарбаевтың

әдебиеттегі орны, шығармаларының ерекшелігі, драматургияға әкелген жаңалығы туралы құнды естеліктер мен ақпараттармен бөлісті. Ұлы тұлғаның шығармашылығын дәріптеуге бағытталған шараға ф.ғ.д., профессор Қадір Жүсіп, ф.ғ.к. Садықова Айсұлу, ф.ғ.к. Балтоғаева Жайлы Елеңқызы өз баяндамаларын ортаға салып, құнды ақпараттар көшін ары қарай жалғастырды. Сондай-ақ, университетіміздің озат студенттері Егінбай Данагүл жазушының «Бас» романын талдап көрсетсе, Мақұлова Ұлболсын өзінің жүрекжарды арнауын оқып, қатысушыларға поэзиялық көңіл-күй сыйлады. Ойларын еркін әрі нақты білдірген студенттердің қатарынан жазушы өміріне шолу жасаған Шугупан Анар мен Амангелдиева Аида. Сонымен қатар, Насимуллина Азиза жазушы-

зерттеуші Мира Шүйіншіқалиеваның пікіріне өзіндік үн қосып, арнауын оқыды, Анзия Асанова Мереке Құлқенов пен Жұмабай Шаштайұлының жазушы туралы пікірін айтып, Отарбаев туралы жазылған зерттеулік баяндамасын оқыды. Ал, Алтынгер Талғат әдемі жыр жолдарын оқып, жанға жылулық сыйлады.

Жазушының еңбектері әлемнің тоғыз тіліне аударылған, соның ішінде «Аспандағы ақ көбелектер» еңбегі қытай тіліне аударылса, «Бас» атты романы түрік тіліне аударылған. Қызу талқыға түскен әдемі кеште жазушының шығармашылығын зерттеуге баса мән беріліп, студенттер мен магистранттар үшін ғылыми диссертациялар мен дипломдық жұмыстардың тақырыбы ретінде қолға алу керек деген ұсыныстар айтылды.

Атап өтейік, университетіміздің ғылыми кітапханасы Рақымжан Отарбаевтың шығармашылығына арналған кітап көрмесін ұйымдастырды.

Осындай мазмұнды, тарихы терең шығармашылық кеш қоғам қайраткерінің еңбектерін дәріптеп, рухани баюға арналды.

Жаңа монография жарық көрді

«Сәулелендірудің тасымал теңдеулерінің кейбір тура және кері есептерінің шешімдері» тақырыбында Амангелді Сариев Дулатұлының монографиясы шықты.

Монографияның I-ші бөлімінде кейбір тура және кері есептердің берілуі және негізгі түсініктер, сонымен бірге тура және кері есептер үшін қақтығысу интегралының негізгі жергілікті қасиеттері көп аймақты және жазық-параллель облыстарда қарастырылды.

Монографияның II-ші бөлімінде негізгі мәселе кейбір тура және кері есептер қарастырылды. Көп аймақты және жазық-параллель облыстарда «жалпылама дөңестілік» қасиетін қанағаттандыратын кейбір тура және кері есептер шешілді, мұнда бір мезгілде стационар емес көшіру теңдеуі үшін жайылу коэффициенттері мен таралу функцияларын табудың кейбір тура және кері есептері толығымен зерттелді.

«Батыс Қазақстан әншілік мектебінің» шеберлік сағаты

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, қауымдастырылған профессор Айгүл Қосанованың «Батыс Қазақстан әншілік мектебі» тақырыбында шеберлік сағаты өтті.

Шара модераторы әрі ұйымдастырушысы – «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінің «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі Мәншүк Мұқашева болды. ZOOM платформасы арқылы өткен шеберлік сағатына Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің оқытушылары мен студенттерінен бөлек республикамыздың өзге өңірлерінен де көрермендер қатысты. Атап айтсақ, Махамбет ауданы З. Ещанова атындағы өнер мектебі және Семей қаласы Абай ауданындағы Ж.Кәрменов атындағы мектебінің оқытушылары мен оқушылары және шараның ең кішкентай көрермені ретінде Ақтөбе қаласынан 5-сынып оқушысы Айкөркем Амантай мен т.б. 50-ден аса көрермендер қатысты.

Онлайн шарада «Сегіз сері» туралы, «Желкілдек» әуенінің эстрадалық өзгеріске түсуі, батыс қағыстарының нотаға түсуі, т.б. қызықты әрі маңызды ақпараттар айтылды. Кеш қонағы ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Қосанова шара соңында қатысушылардың өтініші бойынша халық әндері «Айнамақоз», «Желкілдек» пен Ғ.Құрманғалиевтің «Әнші дауысы» әндерін орындады.

“Жылдың үздік студенті-2020”



Ағымдағы жылдың ақпан айында “Bilim orkenieti” ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдастырған “Жылдың үздік студенті-2020” байқауы жарияланды.

Байқау шарттарына сәйкес автобиография, 2017-2020 жылдар аралығында елеулі жетістіктерімді, атап айтқанда, мектеп қабырғасынан бері жинақталған сертификат-дипломдарымды жібердім. Үш күннен кейін келесі турға өткенімді хабарлады. Ол кезде мен Литвадағы академиялық ұтқырлықпен ауысамын деп дайындалып жүрдім. Еуропадағы карантин салдарынан оқуға бара алмай қалдым. Алайда, наурыздың 16-ында Нұр-Сұлтан қаласына марапаттауға шақырту алдым. 13 қазан күні Нұр-Сұлтанға карантин талаптарын сақтай отырып, марапаттау рәсімі өтті. Еңбектерімнің нәтижесінде “Үздік студент-2020” төсбелгісімен, “Үздік студент-2020” кітап жинағымен, дипломмен, Алғыс хатпен марапатталдым. Өзімнің барлық жетістіктерім мен жеңістерімде аяулы ұстаздарымның үлесі орасан зор.

Ақсымбат ЖАЛҒАС,
Химия мамандығының студенті



Жемқорлық - қоғам дерті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Серіктестік департаменті директоры Расул Медетовтың қатысуымен «ЖОО-да сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жұмыстары» тақырыбында кездесу өтті.

Жиынды университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы ашып, өз сөзінде университет аясындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы баяндады.

Атырау облысына арналған іс сапардың нақты мақсаты өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды байқау, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлермен кездесіп, жаңа жаңалықтармен таныстырып, көкейде жүрген сұрақтарға жауап беру, тиімді ұсыныстарды агенттік басшылығына жеткізу болып табылады.

Өз баяндамасында Расул Махмұдұлы «Елімізде республика бойынша 10 айдың ішінде 2140 қылмыстық іс қозғалды. Сыбайлас жемқорлықтың өршуі мемлекетіміздің экономикалық дамуына, медицина саласына сондай ақ, білім беру жүйесіне әсерін тигізуде. Жемқорлықтың пайда болуына жалақының аздығы әсер етуде деген пікір қалыптасқан. Осы ретте келесі жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы 2 есе көтеру жоспарланып отыр. Жалақының өсуі белгілі бір дәрежеде жемқорлықтың алдын алады» – дейді.

Расул Махмұдұлы сыбайлас жемқорлықтың ал-

дын алу үшін жемқорлықпен күресті әркім өзінен бастау керектігін сөзге тиек етті.

Айта кетсек, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен тұйындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еті, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын-алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады.

«Соңғы 5 жылдың ішінде Атырау өңірінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар күрес жұмыстары өткізілуде. Азаматтардың жемқорлыққа қарсы күреске деген санасын өткен бес жылдықпен салыстырсақ он есе артты дегуге әбден болады. Бұның барлығы алдын-алу шараларының арқасында» – дейді «Атырау – адалдық алаңы» жобалау кеңсесінің басшысы Альфия Адиева.

Кездесу соңында, департамент директоры университет оқытушылары мен қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтар мен пікірлерге назар аударып нақты жауап берді.

Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ



Музыка майталманының кезекті кітабы шықты



ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, «КСРО-ның Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Музыка және өнер кафедрасының доценті Әжікен Сәтім Сухашұлының «Баян аспабында оқыту әдістемесі» атты жаңа кітабы жарық көрді.

«Баян аспабында оқыту әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы болашақ ұстаздардың баян аспабында оқытудың мақсатынан, міндетінен, баянда орындаушылықтың жаңа әдістерінен және Атырауда баян аспабының даму тарихынан мағұлмат алып, өз жұмыстарына пайдалануларына үлкен көмек беретін жинақ.

Оқу-әдістемелік құралы «Баян» мамандығы бойынша дәріс беретін музыка беттеріндегі оқытушылар мен оқушыларға әдістемелік құрал, музыка колледждеріндегі «Мамандық», «Баянда оқыту әдістемесі» пәнінен дәріс беретін оқытушыларға және жоғары оқу орындарындағы музыка кафедраларының «Негізгі музыкалық аспап-баян», «Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі», «Музыкалық аккомпанемент» пәндерінің оқытушыларына, студенттеріне арналған.

МЕНИҢ ТӘЛІМГЕРІМ

Адам өмірінде оның тұлғалық және кәсіби қалыптасуына ықпал ететін жеке адамдар болады. Мен өзімнің кәсіби қалыптасуыма ықпал еткен университетіміздің ардагер ұстазы, профессор Бақи Жиенбай Базарбайұлына алғысым шексіз. Биылғы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің мерейлі 70 жылдығы аясында оқу орнымыздың дамуы мен қалыптасуына үлес қосқан Ұстаздарымыздың әрқайсысына жеке зерттеулер жүргізсек те, мақала арнасақ та артық емес деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдың тамыз айының соңында қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетін бітіріп министрлік жолдамасымен Гурьев педагогикалық институтына (Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті) жұмысқа келдім. Ректор профессор Хисмет Бозанұлы қабылдап, мені кафедра меңгерушісі Жиенбай Базарбайұлына жолдады. Ол кезде факультет тарих-филология факультеті аталып, тарих мамандығына «Дүниежүзі тарихы» және «КСРО тарихы» аталған екі кафедра қызмет көрсететін. Одан кейін желтоқсан айындағы кеңес империясының ыдырауы, дербес тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуы сияқты ұлы тарихи оқиғалар басталды. Саяси құрылымдағы өзгерістерге орай біздің оқу орнымызда да үлкен өзгерістер кезең-кезеңмен іске асып жатты. КСРО тарихы кафедрасы негізінде «Отан тарихы» кафедрасы құрылды.

Жиенбай Базарбайұлы еліміздегі саяси өзгерістерге үнемі мән беріп, жас мамандардың жан-жақты сауатты болуына, бірден ұжымның өміріне араласып кетуіне мән берді. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің тарихын тереңдетіп оқытатын арнайы кафедра құру жұмыстарын қолға алды. Үлкен ұйымдастыру, үйлестіру жұмыстарын жүргізу барысында 1993 жылғы ақпанда «Қазақстан тарихы» кафедрасы құрылды. Кафедра базасында көптеген кандидаттық, докторлық диссертациялар орындалды. Бүгінде елімізге және өлкемізде танымал көптеген тарихшы ғалымдардың ізденіс жұмыстары осы кафедра негізінде орындалып, Жиенбай Базарбайұлы өлкедегі тарихшылардың ғылыми мектебінің қалыптасуына зор үлес қосты. Жиенбай Базарбайұлының шәкірттері қатарында тарих ғылымдарының докторлары Аққали Ахмет, Лескали Бердіғожин, Әбілсейіт Мұқтар, Ұлжан Ахметова, ғылым кандидаттары Жұмазия Жұмабаева, Қабібек Мұхитов, Болат Нығыметов, Әділбек Тұрдалиев, Қылышбай Сүндетұлы, Сәния Нысанова және басқа да әріптестер бар. Бір қуантарлығы бұл ұстаздар бүгінгі күні Атырау өңірінде танымал, өзіндік зерттеу бағыттары бар, кәсіби мансаптық деңгейлерге жектен тұлғалар болып табылады.

Қазіргі кезде жас педагогтарға тәлімгерлер тағайындау, білім саласына келген жастарға кәсіби, психологиялық, моралдық қолдау көрсету бойынша шаралар қайта қолға алынууда. Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында консалтинг немесе инновациялық дамудың педагогикалық технологиялары аталатын бағыттар пайда болды. Ал менің кәсіби қалыптасуым – менің тәлімгерім Жиенбай ағайдың білікті басшылық, шебер ұйымдастырушылық қасиеттерімен бірге әкелік, ағалық қамқорлығымен бірге жүрді. Осы кафедрада оқытушы, аға оқытушы, академиялық доцент дәрежесінен өттім, кафедрадағы әріптестерімнің қолдауы арқылы өндірістен қол үзбей жүріп ғылым кандидаты дәрежесіне диссертация қорғадым. Қазіргі кезде өткен күндерге ой салсам біздің жетістіктерімізде бізге университетке келген күннен бастап ісімен, сөзімен үлгі бола білген Жиенбай Бақи, Үркінбай Қыдыралин, Гинаятолла Нығмет, Күләш Қайырбекова, Ибат Камешев, Төлеубай Төлебергени, Алдар Сарсенов, Шахман Нағимов сынды кафедра меңгерушілері мен факультет декандарының тікелей ықпалы болғаны сөзсіз.

1991 жылдардың басында университетке жұмысқа қабылданған Әния Ермағамбетова – университет музейі директоры, Серік Қуаныш – облыстық архив директоры, Әбілсейіт Мұқтар – Республикалық дәрежедегі «Сарайшық» музей – қорығының директоры, Лескали Бердіғожин – кафедра меңгерушісі.

Жиенбай Базарбайұлының қоғамдық негізде атқарған үлкен жұмысы – университет музейінің негізін қалауы. Бірнеше жылдар бойы өзінің бос уақытында оқу орнының күнделікті тыныс-тірлігіне қатысты деректерді жазып, жәдігерлер жинады. Осы жұмыстың нәтижесінде 2000 жылы университетте музей ашылды.

Замандастары мен шәкірттері құрметпен «біздің Жиқаң» ағайтың айғайдың тағы бір қасиеті – өнерге құштарлығы. Жиенбай Базарбайұлының бастамасымен оқу орнында драма үйірмесі құрылып, спектакльдер қойылған екен. Сол үйірме мүшелерінің бірсы қазіргі кезге біздің ұжымда еңбек етіп жүр.

Жиенбай ағайдың ерекше хоббиінің бірі – фалеристика. Университеттегі ең танымал фалерист ретінде ағайдың коллекциясымен көптеген адамдар таныс



деп ойлаймын. Тарих ғылымында «Көмекші тарихи пәндер» қатарына жататын бұл сала тарихқа қызығушылықты тудырудың ұтымды жолы екені анық. Осыдан біраз жыл бұрын Жиенбай ағай өзінің үлкен коллекциясын университет музейіне тарту еткен болатын. Осы мақаланы жазу барысында сұрастырып қарағанымда оны таба алмадық. Коллекция табылса сүйіншілеп тағы бір мақала жазып қалармын деп үміттенемін.

Шынында да, сегіз қырлы – бір сырлы теңеуіне сай келген, келбеті келісімді ағайымыздың жарты ғасырдан асқан ғылыми-педагогикалық қызметінде оқу орнына қосқан үлесі аз емес.

Жетпіс жылдық тарихы бар оқу орнына өзіндік айрықша үлес қосқан ардагеріміз, тарих ғылымдарының кандидаты, «Ғанидың жұлдызы», «Өмір белетері», «Алты алаштың мақтанышы», «Жылдар жемісі» басқа да кітаптарының, 100-ден аса ғылыми мақалалар авторы, 57 жыл бір ұжымда еңбек еткен Жиенбай Базарбайұлына мықты денсаулық тілейміз.

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА
Тарих ғылымдарының кандидаты,
ректор аппараты жетекшісі

ҒЫЛЫМНЫҢ АШҚАН БҰЛАҒЫН

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын.

Әл-Фараби – ортағасырлық ғылымдардың қай саласында да үздік білімнің иесі, энциклопедист ғалым ретінде даңқы шыққан ғұлама-ойшыл. Ғұлама ғалым және филозоф Аристотельдің логикаға қатысты барлық дерлік еңбектеріне, атап айтсақ, «Метафизика», «Никомахтық этика», «Риторика», «Поэтика», Птоломейдің «Әлмагестіне», Александрия Афродизискийдің «Жан туралы» еңбегіне, Евклид «Бастауларының» бірқатар тарауларына, Порфирийдің «Исагогына», түсініктемелер жасады. Бұлардың арасында «Философияны меңгеруге дайындық», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы» еңбектері бар. Әл-Фараби тіл білімінің ірі теоретигі, лингвист, ақын болып саналды. Ол жазу, каллиграфия, өлең, риторика тақырыбына түсінік жазды.

Ортағасырлық саяси-құқықтық ой тарихында шоқтығы биік, өзіндік орны бар тұлға кезінде екінші ұстаз, «Шығыс Аристотелі» атанған Әл-Фараби екендігі баршамамызға белгілі. Қазақ даласынан шыққан ұлы ғұлама, саяси ойшыл, әлеуметтанушы, математигі, физигі, астрономы, ботанигі, логика және тіл маманы, музыка зерттеушісі Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби 870 – 950 жылдары өмір сүрген. Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде орналасқан Фараб (кейінгі Отырар) қаласында өмірге келді. Жасында сонда оқу-тәрбие алып, кейін Бұхара, Александрия, Каир, Дамаск, Бағдат қалаларында тұрып, білімін ұштап, елінің болашағы үшін аянбай қызмет атқарды.

Әл-Фараби ел басшылығына лайықты,

осы көрсетілген қасиеттердің бәрі бойында бар тұлғаның сирек кездесетінін атап өтеді. Сондықтан, бұл қасиеттер екі тұлғада жиналса, онда олар бірігіп басқарсын дейді. Ал екі адамның бойынан табылмай, төрт-бес адамнан табылса, олар бірге қосылып басшылық жасауы керек. Сонымен қатар, ел басына керек негізгі қасиет – ол даналық. Егер белгілі бір уақытта елдің басшылығында даналық болмай қалса, онда елдің бірінші басшысы тіпті болмай-ақ қойсын, ондай қалаға қауып төнеді, - деп ескертеді ұлы ойшыл. Әл-Фараби есімі көптеген Еуропа елдеріне ертеден танымал болып, XII-XIII ғғ. өзінде-ақ оның философиялық трактаттары ежелгі еврей және латын тілдеріне аударылды. Бірақ әл-Фараби мұрасын жүйелі әрі нақты зерттеу оның трактаттарының мәтіні мен аудармаларын басып шығарумен қатар, зерттеу жұмыстары XVIII-XIX ғғ. ортасында шыға бастады. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек философиясымен көп жағдайда Әл-Фараби еңбектері арқылы танысты. Мәселен, XII ғ. кезінде оның «Ғылымдар классификациясы» деген еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. «Сананың мәні туралы», «Сұрақтар негізі», «Бақыт жолы туралы» және логикаға байланысты трактаттары мен басқа да еңбектері XII ғ. бастап XVII ғ. дейін латын тіліне бірнеше рет аударылды.

Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару – халықты бақытқа бастайды, олардың ісәрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі



тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Осы еңбегінде ол «Бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені. Артынан мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Әрекетіміз дұрыс болуы үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болуы керек екенін, ал ойдағыдай болуы үшін жанымыздың аффектісі қандай болуға тиіс екенін және жақсы ақыл-парасатқа жету үшін ол парасат қандай болуға тиіс екенін анықтап алуға тиіспіз» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы 33 және негізгі белгісі-жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және

билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Ізгілік – адамның басты құндылығы. «Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе: ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын басты тұғырнамаларын философиялық тұрғыдан негіздеген, осы бағытта көптеп еңбек еткен ғұлама.

Қорытындылай келер болсақ, біріншіден, Әл-Фараби ұлы ғалым, екіншіден, өнер әлемін, оның ішінде музыка дүниесін терең зерттеген ойшыл, үшіншіден ол – сөзсіз дін әлемінің басты тұғырнамаларын философиялық тұрғыдан негіздеген, осы бағытта көптеп еңбек еткен ғұлама.

Ерлан БАЙМАҒАМБЕТОВ,
Тарих мамандығының
2020 жылғы түлегі

ЖЕМІСТІ ЕҢБЕККЕ ТОЛЫ 20 ЖЫЛ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті - Батыс өңіріндегі іргелі оқу ордасы. 70 жылдық тарихы бар білім ордасы атын алған Халел Досмұхамедов туралы не білеміз? Осы мақсатта ғұлама ғалым, профессор Халел Досмұхамедұлын танып, білу, мұраларын зерделеп, зерттеу жұмыстарын әріден бермен қарай қозғау мүмкіндігін осы университеттің Халел Досмұхамедов атындағы ғылыми зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, халелтанушы доцент Ғабит Базарғалиевпен сұхбаттасқан едік.

-Ғабит Бағытжанұлы, өзіңіз біраздан бері университеттегі Халел Досмұхамедов атындағы ғылыми зертханаға жетекшілік етіп келесіз. Сіздің еңбек жолыңыз бен тәжірибеңізді ескере отыра, университетіміздің есімін иеленген қоғам қайраткері, профессор Халел Досмұхамедовке байланысты ой өрбітейік, осы бағытта толығырақ мәлімет беріп өтсеңіз?

-Ғылымды дамытпайынша, өркениетті елдердің ұлы көшіне ілесу мүмкін емес. Әсіресе, жоғары мектептің ғылымды дамыту мүмкіншіліктері орасан зор. Осыған орай зертханада ғылыми-зерттеу жұмыстары дұрыс жолға қойылып, оқу жылы басында бекітілген ғылыми жоспар бойынша жүргізіліп келеді.

Әр жыл сайын сәуірдің 24-інде зертхана мүшелері көрнекті ғалым, мемлекет қайраткері Халел Досмұхамедовтың туған күніне орай ұлы тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ғұламаға құрмет көрсетіліп, ұлылыққа тағзым ету дәстүрге енді. Сонымен қатар, ғалымның ғылыми шығармашылығына арналған ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен дөңгелек стол басындағы кездесулер өткізіледі. Бұл шараларға халелтанушы ғалымдар Амангелді Шамғонов, Роза Қаражігітова, Айдар Сабыров, Өтепберген Әлімгереев, Төлеген Жаңабай және тағы басқалар қатысып, өз ойларын ортаға салып жүргенін білесіздер. Олардың бәрін егжей-тегжейлі айтпай-ақ қояйын.

Ғылыми семинарларда халелтану ғылымының өткені, бүгінгі және болашағы жөнінде тың ғылыми ой-пікірлер сараланады. Университетте Халелді тануда және оның ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеуде және насихаттауда біршама шаралар атқарылып келе жатқаны баршаға белгілі.

-Жауабыңызды тұжырымдасақ, Халелтану оқу-зертханасының және Халелтану оқуларының маңызының жоғары екендігін байқадық, демек бұл дәстүрге айналған үрдіс пе?

-Сөз жоқ, солай! Республика деңгейінде екі жылда бір рет сәуір айында Халел Досмұхамедов оқуларын өткізу дәстүрге айналды. Ғұлама ғалымның ғылыми мұралары Халел Досмұхамедов атындағы ғылыми зертхананың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына ұдайы енгізіліп отырды. Зертхананың мүмкіндігі арқылы ғұлама ғалымның мұрасын әлі де жан-жақты, әр қырынан зерделеу нысанаға алынды. Әсіресе, бұл іске республика жоғары оқу орындары мен өзіміздің университеттің ғалымдарын, магистранттарын, студенттерін кеңінен қатыстыру көзделді.

Халел Досмұхамедұлының ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттеуде және насихаттауда алда тұрған міндеттер аз емес. Олар: біріншіден, Халел Досмұхамедұлының қазақ мектептеріне арнап жазған оқулықтары мен оқу құралдарын, әлі де баспадан жарық көрмеген белгісіз мұрағат қорларын жатқан еңбектері мен қолжазбаларын тауып, оңдеп, баспадан басып шығаруды қолға алу; екіншіден, Халел Досмұхамедұлы жаратылыстану, тәнтану, тарих, әдебиеттану, тіл білімі, ауыз әдебиеті ғылымдарын қазақ топырағында алғаш зерттеген жан-жақты ғалым болғандықтан, осы пәндер бойынша оның еңбектерін орта мектептер мен жоғары оқу орынының оқу бағдарламасына енгізу; үшіншіден, Атырау университетінің жанынан ұйымдастырылған ғылыми-әдістемелік зертхананың жұмысына Халел Досмұхамедұлының ғылыми мұрасын зерттеуге, оның ішінде, биология, жаратылыстану, педагогика, этнопедагогика, этнопсихология, тіл білімі, әдебиеттану, тарих және тағы басқа салаларын зерделеу, зерттеуге барлық кафедралардың ғалымдарын, магистранттарын, студенттерін белсенді қатыстыруға ықпал ету; төртіншіден, университет кафедраларының ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарына Халел Досмұхамедұлының ғылыми мұрасын зерттеуге байланысты оқу-әдістемелік құралдар жазу, магистрлік диссертациялық еңбектер орындауды енгізу; бесіншіден, профессор Халел Досмұхамедовтың мұраларын жинақтау мақсатында оның туып-өсіп, еңбек еткен жерлері Атырау-Миялы-Қарабау-Тайсойған маршруты бойынша «Халелдің ізімен» атты экспедиция ұйымдастырып, Халел ставкасына археологиялық қазба жұмысын жүргізіп, оның материалдарымен зертхана қорын толықтыру болып табылады.

Ғылыми зертханамыздың негізгі мақсаттары мен міндеттері - жоғарғы мектеп пен мектеп педагогикасының өзекті проблемаларын, Қазақстанда жоғарғы педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуын зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, республикамызда педагогикалық ой-пікірдің дамуы мен жекеленген педагог ағартушылардың педагогикалық мұраларын зерттеу. Зертхана университеттің профессор-оқытушылар құрамын ғылыми-педагогикалық тақырыптағы әдістемелік материалдармен қамтамасыз етеді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша, зертхана жанынан ұйымдастырылған «Сөнбес жұлдыздар» атты студенттердің ізденіс тобы арқылы Батыс Алашорда қозғалысына орай ғылыми жұмыстар орындауды мақсат етіп отырмыз. Ғалым-ұстаздардың жетекшілігімен жаппай репрессияға ұшыраған, тарихымызда «ақтаңдақтар» болып келген ағартушы педагогтардың педагогикалық мұраларын зерттеуде студенттер жоғары дәрежеде ізденіс қабілетін көрсету



үстінде.

Атырау өлкесінің ағарту тарихына қатысты материалдар жинақтауда осы өңірден шыққан ғалымдар, ұстаздар арқылы жекелеген мектептердің тарихын зерттеуде біраз игілікті істер атқарылып келеді. Әсіресе, атақты ұстаздардың педагогикалық мұралары нақтылы деректермен зерделеніп, студенттердің құнды диплом жұмыстарына арқау болды.

Халел Досмұхамедов атындағы ғылыми зертхана өз жұмысын оқу орнының мүддесі үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын мемлекеттің білім беру мен ғылымды дамыту саласындағы саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттерін және оны іске асыру тетіктерін жүзеге асыруға жұмыстана береді.

-Берекелі жұмысыңызға тек сәтті қадамдар тілейміз. Ұлы тұлғаның есімін, еңбегін, мол мұрасын дәріптеу қалай жүзеге асырылып келеді?

-Қазір біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің, рухани мұраларымыздың терең тамырын танудамыз. Халқымыздың ғылымын дамытуға, тілін сақтауға, тарихын зерттеуге, өнері мен әдебиетін өркендетуге, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлап, өз өмірін құрбан еткен алыптарымыздың қатарындағы ғұлама ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, педагог, дәрігер, профессор Халел Досмұхамедұлының туғанына биылғы жылы сәуір айының 24-інде 135 жыл толды. Сәл шегініс жасайын, 1994 жылғы мамырдың 23-індегі Министрлер Кабинетінің шешімімен Атырау мемлекеттік педагогика институтына (кейін университет атанды) ғұлама ғалым Халел Досмұхамедұлының есімінің берілуі Атырау облысы жұртшылығының мәдени өмірінде ерекше оқиға болып табылды. Халел бабамыздың есімінің ортамызға қайта оралуы, оның жан-жақты сарқылмас ғылыми мұрасын зерделеуге және Халелтану тағылымын терең зерттеуге жол ашты.

Ғұлама ғалымның ғылыми мұралары Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жекеленген кафедраларының, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына енгізілді. 2000- жылдан бастап университеттің ғылыми кеңесінің шешімімен Халелтану курсы университеттің барлық мамандықтарының оқу жоспарына міндетті түрде енгізілді. 20 жыл болды.

Оқу пәні ретінде Халелтану курсы бакалавр кезеңіндегі кәсіби мамандарды даярлауда, олардың ой-өрісін, ғылыми дүниетанымын дамытуда және елжандылық сезімін қалыптастыруда үлкен роль атқарып келеді. Халелтанудың маңыздылығын айқындау арқылы студенттердің зерделерін қазақ зиялыларының елі үшін жасаған қызметін ұғындыруға және ұлттық санын қалыптастыруға бағыттау болып табылады.

Ғұлама ғалымның ғылыми мұрасы әр жылдары әр қырынан жан-жақты зерттеліне бастады. Ғалым мұрасын зерделеу 1993 жылы Алматыда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясында, келер жылы Атырау мемлекеттік педагогика институтында Халел Досмұхамедұлының туғанына 110 жыл толуына арналып өткізілген ғылыми-теориялық конференциялардан бастау алды. Конференция материалдары негізінде «Ғұлама ғалым, ағартушы педагог» атты ғылыми жинақ жарық көрді. Әрине, университетімізде басқа да өткізілген шаралар легі, тілге тиек етілетін істер қатары баршылық.

-Халелтану ғылымының кеңістігі курс, арнайы жобалар арқылы шектелмейтіні белгілі, ғылымды толық меңгеруге қандай мүмкіндіктер арқылы қол жеткізуге болады?

-Республикалық және жергілікті басылымдарда ұлы бабамыздың әртүрлі ғылым саласын дамытуға сіңірген еңбегі мен ғылыми мұрасын жан-жақты зерделеуге арналған еңбектер мен мақалалар жарық көрді, ұлы ғұламаның ғылыми мұраларынан республика көлемінде алғашқы кандидаттық диссертациялар қорғала бастады. Менің өзім 2002 жылғы қыркүйектің 6-сында «Профессор Халел Досмұхамедовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары» атты тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғадым. «Халелтану тағылымдары» атты арнайы курстың бағдарламасы құрастырылып, оны 24 сағатпен

университеттің барлық мамандықтарының оқу бағдарламасына енгізу жүзеге асты.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Халелді тануда және оның ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеуде және насихаттауда үлкен жұмыстар атқару толас тапқан жоқ. 1994 жылдан бастап университет көлемінде жалпы және халықтық педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен Халел Досмұхамедов оқуларын өткізу дәстүрге айналды. Үстіміздегі ғасыр басынан бері қарайғы мезгілде ол екі жылда бір рет дәстүрлі түрде республикалық деңгейде өткізіліп келеді. Ғасыр басында өткізілген I республикалық Досмұхамедов оқуларына Алматы, Орал, Ақтөбе, Шымкент, Ақтау және тағы басқа қалалардың жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты. Досмұхамедов оқуларының негізінде «Алты алаштың мақтанышы» атты ғылыми жинақ жарық көрді. Одан кейін үш жылдан соң университетімізде дәстүрлі III республикалық Досмұхамедов оқулары өткізілді. Досмұхамедов оқуларының кеңейтілген мәжілісінде Қазақстанның Халық жазушысы, академик Зейнолла Қабдолов «Халел туралы сөз» және педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қадыржан Сейталиев «Халелтану: зерттелу жайы, жаңа көзқарас, болашағы» деген тақырыптарда баяндамалар жасады. Менің құрастыруыммен «Халелтану» курсының бағдарламасы мен «Халелтану» оқулығы баспадан 15 бағра табақ көлемінде жарық көрді.

Халел Досмұхамедұлының жан-жақты ғылым салаларын қамтитын ғылыми мұрасын зерттеуде белгілі ғалымдармен, авторлармен қатар жергілікті атыраулық зерттеушілеріміз Қадыржан Сейталиев, Амангелді Шамғонов, Төлеген Жаңабай, Өтепберген Әлімгерей, Балқаш Тыныбаев және менің өзім, яғни Ғабит Базарғалиевтер бұл бағытта біршама ғылыми және ізденіс жұмыстарын жүргізді. Бұл іске басқа да факультеттер мен кафедралардың профессор-оқытушылары тартылды.

Халел Досмұхамедұлы мұрасы жөнінде 7 кітап, 9 республикалық-тәжірибелік конференция материалдары жинағы, 200-ге тарта әртүрлі республикалық, облыстық басылымдарда жарық көрген халелтанушылардың ғылыми мақалаларымен қатар, Өзбекстанның Республикалық Орталық мемлекеттік мұрағатынан 200-ге тарта алынған құжаттар жинағы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағатынан алынған 164 мұрағат құжаттары, Ұлттық Ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар қорынан 1922-1926 жылдары шыққан кітаптар осы Халелтану зертханасы арқылы зерттеуші қауымға, ізденуші студенттерге ұсынылып отырғаны тағы бар.

Республикалық Досмұхамедов оқуларының ұсыныстары негізінде университетте педагогика кафедрасының жанынан Халелтану ғылыми зертханасы ашылды. Болашақта университетте екі жылда бір рет өткізілетін республикалық Досмұхамедов оқуларына халықаралық мәртебе беру жоспарланып отыр.

Алдағы уақытта министрліктің арнайы ғылыми жобасы конкурсына «Халел Досмұхамедов - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы-педагог» тақырыбында қатысуға ұмтылуымыз.

Дейтұрғанмен, Халелтану ғылымын қалыптастыруда ұлы ғұламаның жан-жақты ғылыми мұрасын толықтай танып болдық, зерттеліп бітті деп айта алмаймыз.

-Ойыңызда жүрген ұсыныстарыңызбен бөлісе отырсаңыз.

-Біріншіден, әлі де болса, Халел бабамыздың әр ғылым саласында қалдырған ғылыми мұрасын зерделеуде Халелтану республикалық ғылыми-зертханасының мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалана отырып, оның төңірегіне республика халелтанушы ғалымдары мен Атырау мемлекеттік университетінің ғалымдарын топтастыра отырып, Халелтану ғылымын қалыптастыруда кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілсе демекпіз. Екіншіден, Халел Досмұхамедұлының мұрасын зерттеуде және насихаттауда республикалық деңгейде Атырау университетінің негізінде республикалық Халел Досмұхамедұлы қорын ұйымдастыру - кезек күттірмейтін іс.

-Ғабит Бағытжанұлы, әсерлі әрі пайдалы ақпарат бергеніңіз үшін рахмет! Жұмысыңыз абыройлы, еңбегіңіз елеулі болсын.

Өз тілшімізден

Сұранысқа сай маман болу – қазіргі заман талабы

Әлемде адамдарға көмек көрсетуге бағытталған сан алуан мамандықтар бар. Солардың бірі – дефектология. Бұл мамандықты ерекше деп атауға болады, өйткені ол бірден бірнеше ғылымның элементтерін біріктіреді, яғни педагогика, медицина, психология. Дефектолог психикалық немесе физикалық дамуында ауытқулары бар балалармен жұмыс істейді.

Ол маңызды әлеуметтік тапсырманы орындайды – ерекше бүлдіршіндерге қоғамда әлеуметтенуге және бейімделуге көмектеседі, оларға толық өмір сүруге мүмкіндік береді. Дефектолог мамандығы жыл сайын сұранысқа ие болып келеді, сондықтан көптеген адамдар осы мамандықты қайда және қалай алуға болатынын ойлайды.

Дефектология дегеніміз не?
«Дефектология» термині екі сөздің бірігуінен құралады. Олар – «defectus» латын тілінен аударғанда «болмау» немесе «жетіспеушілік» дегенді білдіреді; «logos» – грек сөзі, сөзбе-сөз «ілім» деп аударылады.

Дефектология – салыстырмалы түрде жас мамандық, оның пайда болуы психологияның, неврологияның, жалпы және арнайы педагогиканың дамуымен байланысты.

Дефектологияның қоғамдағы маңызы қандай?

Дефектологтың жұмысы физикалық немесе психикалық дамуында ауытқулары бар балаға толыққанды өмір сүруге, айналасындағы әлемге, оның жетістіктері мен құндылықтарына қосылуға мүмкіндік береді. Арнайы білімі бар дефектолог мұғалімі ата-аналарға балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Дефектологтар сұранысқа ие мамандар болғандықтан, жұмыссыз қалмайды. Олар төмендегідей мекемелерге жұмысқа орналаса алады:

- мектеп-интернаттар;
- балалар орталықтары;
- балабақшалар;
- санаторийлер;
- арнайы білім беру мекемелері;
- медициналық орталықтар;
- оңалту орталықтары.

Көбінесе тәжірибелі дефектологтар бір немесе бірнеше оқушымен жұмыс жасау арқылы жеке практикамен айналысады.

С. А. Бадмаев, Г. В. Бурменская, О. А. Карабанова, В. А. Бластин, А. С. Спиваковский және басқа мамандар білім беру жүйесіндегі түзету-дамыту жұмыстарының орындылығы мен

қажеттілігі сыртқы әлеуметтік және педагогикалық жағдайларға (әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі, құндылықтар мен моральдық талаптардың өзгеруі), сондай-ақ балалардың рухани әлемінде болып жатқан психикалық және танымдық процестердің даму ерекшеліктеріне, олардың санасына, өмірге көзқарасына, қоғамға деген көзқарасына байланысты екенін көрсетті.

Дефектолог мұғалімнің кәсіби қызметі мүмкіндігі шектеулі адамға оның әлеуметтік бейімделуіне және арнайы (түзету) білім беру құралдарымен интеграциялануына жәрдемдесу мақсатында әлеуметтік-педагогикалық, оңалту, консультациялық-диагностикалық, психотерапиялық, түзету қызметінің бірнеше түрлерін қамтиды.

В. А. Васильева атап өткендей, ерекше балалармен жұмыс істейтін маман түзету-дамыту процесін ұйымдастыруда балалардағы психикалық процестердің ерекшеліктерін ескере отырып, баланың жеке басын дамыту мен түзетудің оң жолдарын қаруы және жеке тұлғаның дамуына бағытталған білім беру ортасын ұйымдастыруы тиіс.

Н. Н. Малофеевтің пікірінше, ХХІ ғасырдың арнайы білім беру жүйесі – бұл жаңа жүйе. Дефектологтың педагогикалық қызметіне жаңа талаптар қойылуда. Олар: қоғамның дамуына ілесіп, мұғалімдердің балаға деген қарым-қатынас жүйесіне байланысты. Автор балаға деген оң көзқарас оның дамуына жақсы әсер ететіндігін жеткізді. Сондықтан мұғалім мұндай балалармен жұмыс істеуге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір кәсіби дайындық деңгейіне ие болуы керек.

Л. М. Шипицына атап өткендей, ерекше балаларды қоғамға бейімдеудің сәтті болуы, көбінесе, әлеуметтік ортаның, ең алдымен, мұғалімдердің балаға деген қарым-қатынас жүйесіне байланысты. Автор балаға деген оң көзқарас оның дамуына жақсы әсер ететіндігін жеткізді. Сондықтан мұғалім мұндай балалармен жұмыс істеуге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір кәсіби дайындық деңгейіне ие болуы керек.

И. В. Белякова мен В. Г. Петрова педагогикалық-түзету жұмысын



ұйымдастыру кезінде мұғалімдер ерекше балалардың психофизикалық дамуының ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың компенсаторлық мүмкіндіктерін ескеруі қажет екенін атап өтті. Мамандар балаларда өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастырып, олардың сәтті әлеуметтік бейімделуі үшін қолдан келгенін бәрін жасауы керек.

И. В. Белякова мен В. Г. Петрова атап өткендей, педагог-дефектолог тек балаларға ғана емес, олардың ата-аналарына да көмек көрсету қажет. Дефектологияның ерекшелігі де осында. Е.М.Мастюкова отбасының педагогикалық түзету процесінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

П. Шуман көрсеткендей, баланың психикалық даму деңгейі неғұрлым төмен болса, дефектологтың білім деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек.

Бүгінгі күні мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты статистика көңілді құлазытады. Елімізде 87 мың мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Бұл ел тұрғындарының 0,4 пайызын құраса, елдегі барлық балалардың 1,5 пайызы. Еліміздегі барлық мүгедек балалардың 72,8 пайызының жүйке жүйесінде ақау немесе туа біткен кемтарлығы бар, психикасы бұзылған. 4,5 мың баланың есту қабілеті төмен немесе мүлдем естімейді. Көзі нашар көретін немесе мүлдем зағип

болып қалған балалар саны да 4,5 мың. Өздігінен жүріп-тұра алмайтын балалар 28 мың болса, олардың 1,4 мыңы арбаға таңылған. Соған сәйкес, дефектолог мамандығына да сұраныс көбеюде.

Дефектология мамандығы 4 саладан тұрады. Олар олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог және логопед. Соның ішінде, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті дефектолог-логопед мамандарын даярлайды.

Болашақ дефектолог-логопедтер Атырау қалалық N20 «Алтын балық» сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақша, N3 Атырау облыстық тіл кемістігі бар балаларға арналған мектеп-интернат, N3 арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы және өзге де білім беру ұйымдарының базасында өндірістік практикадан өту кезінде кәсіптік-педагогикалық іскерлікті пысықтауда.

Уақыт өзгереді, оқыту мен тәрбиелеу тәсілдері жаңартылады, бірақ ерекше балалар әрқашан адамға, оларды түсінетін және көмектесетін, айналасындағы әлемде жаңа, жайлы өмір сүруге мүмкіндік беретін дефектолог маманына мұқтаж болып қала бермек.

Жанар БЕКЖАНОВА,
Психология және арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы

Жайлы жатақхана оқу үдерісін жеңілдетеді

Ақ қанат арманның жетегіне ілесіп, үлкен маман иесі болуға аттанып, күнделікті оқып-үйренудің тізгінін қолында ұстап, тағылымы мол университетімізге білім алуға әр ел, әр қаладан студенттер келеді. Білім алушылардың төрт жыл бойы жайлы тұрағындағы ахуал туралы жатақхана коменданты Айман Өтешовадан толығырақ білген едік.

Елдегі жағдайға байланысты қашықтан оқыту жүйесіне сай қазіргі таңда N2 жатақханада тұрып, онлайн білім бағдарламасын алып жатқан 84 студент бар. Олардың сабақ оқуына, тұрмыс тәжірибесіне, демалуына барлық жағдай жасалған.

Атап айтқанда, санитарлық талаптарды қатаң түрде сақтай отырып, бір бөлмеге екі студенттен орналастырылды. Wi-Fi желісі барлық қабатта қолжетімді түрде қамтамасыз етіліп, тоқтаусыз жұмыс атқарып тұр. Компьютерлері жоқ студенттерге университет әкімшілігі тарапынан үш компьютерлік сынып ашылып, кедргісіз білім алуға мүмкіндік жасап отыр. Жатақханамызда Қытай, Өзбекстан, Иран елінен келіп, оқып жатырған студенттеріміз бар. Сонымен қатар, Бейнеу, Ақтау, Орал, Шымкент, Ақтөбе, Түркістан, Маңғыстау облыстарынан білім алушылар да жатақханада жайланған. Әр қабатта екі ас бөлмесі, демалыс орындары(теледидар, спорттық теннис, шахмат, тоғыз құмалақ ойындарына арналған бөлме), акт залы бар. Тамақ пісіретін пештер мен тоңазытқыштарды, кір жуу машиналары мен душ кабиналарын уақытылы еркін пайдаланады. Студенттердің жатақханада жайлы орналасуы үшін бәрі жеткілікті түрде қарастырылған. Студенттеріміз, қазіргі жағдайға байланысты, таңертең сағат 9.00-де


сабақтарына онлайн қатысады. Ішкі ережеге сәйкес, түске дейін және түстен кейін екі мезгіл уақытта азық-түлік алуға ескертіп, жатақханадан рұқсатпен шығады.

«Тазалық – денсаулық кепілі» демекші, әр аптаның бейсенбі күнін тазалық күніне арнайды. Жатақхананың бөлмелерінің ішкі, сыртқы тазалық жұмыстарын жүргізеді. Олардың оқу жүйесімен қатар, қоғамдық іске де белсене араласатыны қуантады.

Талапқа сай студенттердің қауіпсіздігі үшін санитарлық кілемшелер, антисептик құрылғылары орнатылды.

Оқу жылының басында проректор Ләйлә Ерболатқызы келіп студенттерге түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқуға сәттілік тіледі. Жалпы оқу жүйесіне, жатақханаға қатысты барлық мәселелер университет арқылы қолдау табады. Бұл студент пен университет ұжымының тығыз жұмыс жасайтындығының дәлелі. Ал жатақханадағы ішкі тәртіпті қадағалауымыздың арқасында осында тұратын студенттеріміздің жағдайлары жақсы, бәрі бір үйдің баласындай берекелі, тату-тәтті өмір сүруде. Осындай қолайлы жағдай туғызып отырған университетіміздің басшылығына алғысымыз шексіз.

Айман ӨТЕШОВА,
N2 жатақхананың коменданты



МҰҒАЛІМДІК – ЕРЛЕРДІҢ ІСІ ЕМЕС ПЕ?

Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің дерегіне сүйенсек, елімізде 2020/21 оқу жылында орта мектептерде жұмыс істейтін 347 052 мұғалімнің 281 209-ы әйелдер, яғни мұғалімнің 82-83 пайызы нәзік жандылар. Ал Атырау облысы бойынша есептесек, 11 502 мұғалімнің 1390-ы ғана ерлер, пайызға шақсақ, 88%-ы әйелдер екен. Орта есеппен алғанда әр мектепте 4-5 ер мұғалім ғана жұмыс істейді дегуге болады.

Көбіне ер мұғалімдер тәрбиесін әке тәрбиесіне теңестіріп, балалардың мінез-құлықтарының қалыптасуына оң ықпал беретіні айтылады. Қазақтың тұрмыс-салтында бала тәрбиесімен тікелей әйел адам айналысқанымен, ер азаматтың қас-қабағы, мысы, бір ауыз сөзі, бейнесінің өзі көп нәрсені шешеді. Міне, осы көзқарас ұлттық педагогикамызда ерлердің маңыздылығын арттырып отыр. Осы орайда, педагогикалық бағытта ер адамдардың үлес салмағы неге аз, тәрбие ісінде ер мұғалім мен әйел мұғалімнің қандай ерекшеліктері бар деген сауалдарды мамандарға және ұстаздық кәсіпті таңдаған студенттерге қойған едік.

Шолпан ДЖАНЗАҚОВА, педагогика кафедрасының лабораториясының меңгерушісі:

Бұл мәселенің пайда болуына бірнеше себептер бар, мысалы, ұстаздық ету әйелдерге арналған деген қате стереотиптің қалыптасуынан, тәуелсіздікті жаңа алған кездерде мұғалім мәртебесінің төмендеуі, мұғалімдерге мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдаудың болмауынан және жалақыларының аз болуы, мұғалімдік мамандыққа баратын ер балаларға ерекше жағдай жасалынбауы және т.б.

Сонымен қатар, мұғалімдік – өте жауапкершілікті талап ететін, қиын мамандық. Ер адамдардың қиыншылыққа төзімділік танытқысы келмегендігі де негізгі факторлардың бірі.

Ал енді, ер мұғалім мен әйел мұғалімнің айырмашылығына келсек, ер адамның физиология бойынша артықшылығы бар. Әйел мұғалім дүниеге бала әкеледі, декреттік демалысқа шығады. Эмоционалды күйге көбірек түседі. Үй шаруасы, бала тәрбиесі сияқты жауапкершіліктері көп. Сондықтан ер мұғалім жұмысына толық кірісіп, беріліп өнімді еңбек жасайды. Талап қоя білген ер мұғалімнен ер оқушы да, қыз оқушы да ығысып, сыйлап, талабын орындауға тырысады. Ер мұғалім үнемі жинақы, логикасы терең, жан-жақты болады. Әйел мұғалімдер бастауыш сыныпта көп болғаны жөн. Себебі, бастауыш мектеп ана мектебінің жалғасы болып есептеледі. Балаға аналық сүйеу керек. Нақты ғылымдар бойынша математика, физика, химия, астрономия, биология, гуманитарлық тарих пәндерінен ер адамдар сабақ бергені жақсы.

– Осы салаға қызығушылығын арттырудың жолдарын айтып өтсеңіз.

– Ең алдымен, мектептен бастап мұғалімдік мамандыққа сүйіспеншілік туғызу, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек. Мұғалім мамандықтың мәртебесін мемлекеттік деңгейде көтеру, әлеуметтік қамтамасыз ету (үй мәселесі, балаларын тегін оқумен қамтамасыз ету), жалақыларын көтеру, әр мамандыққа грант бөлгенде ер балалар үшін квота беруде қызығушылықты оятады. Сонымен қатар, мектептерде, жоғары оқу жанынан ер балалар үшін мұғалімдікке бағдарлау мақсатында арнайы педагогикалық сыныптар ашылса, ер мұғалімдердің үлес салмағын арттыра едік.

Елдің экономикалық-әлеуметтік өркендеуі саналы ұрпақ тәрбиелеуде екені белгілі, ал ол ұстаздар қолында. Сондықтан да бұл саладағы осындай маңызды мәселелер қолға алынып, ер балалар тәрбиесіне мемлекет тарапынан көбірек көңіл бөлініп, ұстаздық мамандықтың ерлер мамандығы екендігіне көз жеткізу жұмыстарын жүргізу керек деп ойлаймын.

Жаңылсын САБИРОВА, психология ғылымдарының кандидаты, доцент:

Ер адамдардың мектепте бармауы бұрыннан келе жатқан, қай кезеңде де және барлық елдерде де маңызды мәселелердің бірі. Оның себептеріне үңілсек, кейбір психологиялық жағдаяттарды атап өтуге болады:

Бірінші, мұғалімге тән қажырлылық, табандылық, кеңпейілділік, баламен қарым-қатынасқа түсе алу қасиетіне ие болып, өз ісінің маманы болуға көп дайындық керек. Еңбектен ләззат алу керек. Осы тұстары ер адамдарда жетіспейді деп ойлаймын. Соны-

мен қатар, мұғалімдік мамандықты қалыптасқан стереотип бойынша бұл таза әйел адамның жұмысы деп есептейді.

Келесісі, әлеуметтік мәселе: мұғалім жалақысы жоғары білімді ер адамды қанағаттандырмайды.

Қоғамымызда толық емес отбасылар көбейіп, балаға әке тәрбиесі жетпейтін жағдайлар көбейіп тұр. Осы олқылықты



мектепте ер мұғалімдердің көбеюі арқылы жояр едік. Сондықтан ер балаларды осы мамандыққа баулу ісін жоғары деңгейде қолға алу керек деп есептеймін.

Арғын Мәденият, «Тарих» мамандығының 4-курс студенті:

– Мен оқыған бір оқу орталығында Аслан Жәнібеков деген мұғалім болды, мен сол адамды үлгі тұтып, мұғалім мамандығын жақсы көрдім. Жалпы, менің ойымша, ер мұғалімдердің сөзі әйел мұғалімге қарағанда өтімді. Ер мұғалімнің тұрмыстық проблемасы әйел адамға қарағанда аздау, сол үшін сабақты еркін өтеді және басқа балаларға көп көңіл бөле алады. Ерлер әйелдерге қарағанда кешірімшіл емес, қаталдық таныта біледі, ұл балаларды жігіттікке тәрбиелей алады. Қыздардың сынып жетекшісі ағай, ер баланың сынып жетекшісі ағай болса деймін. Өз мұғаліміне қарап үлгі өнеге алатындай. Ұлдардың әкелері үйге қарағанда жұмыста көп болатын болған соң, олар өнеге беретін адамды сырттан іздейді.

Тағы бір мәселе, мықты педагог болу үшін мұғалімдердің жалақыдан проблема болмау керек. Егер мұғалімнің жағдайы нашар, бар ойы отбасын асырау үшін ақша табу жолдарын іздестіру болса, ешкімге кінәсі жоқ балалардың өмірін бостан босқа қор қылады.

Нұрбағыт Жеңісов, «Тарих» мамандығының 1-курс магистранты, Ш.Уәлиханов атындағы №9 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі:

Аты-жөнін ұмытып тұрмын, бір ғалым педагогтың былай айтқаны бар еді: «Қазіргі ер балалар қатынжанды болып бара жатыр дейді. Балабақшаға барса тәрбиеші – әйел адам. Бастауыш сыныпқа барса мұғалім – тағы әйел адам. Жоғары сыныптардың дені қазіргі уақытта көбісі әйел мұғалімдер. Колледж, университет солай.» Бұл сөздің жаны бар, себебі ер адамдар қазіргі білім саласында өте аз. Көбісі «физрук». Кеңес заманындағыдай математика, физика, химия сабақтарынан қазір ер

да бір мұғалім сынып жетекші. Оны неге айтып отыр десеңіз: қыз оқушы ер мұғалімге проблемасын айтуға қысылады. Жігіттер де солай.

Сондықтан ерлердің мұғалімдік саладағы рөлі өте жоғары!

Нұрлан Серікбайұлы, «География» мамандығының 4-курс студенті:

– Педагогикалық бағытқа қызығушылық негізінен мектеп қабырғасында, 10 сынып оқып жүрген кезде басталған болатын. Мектепте арнайы апталық өтетін, яғни жоғарғы сынып оқушылары бір апта мұғалім болып төменгі сыныптарға сабақ беретін, сол кезде география пәнінен алғаш сабақ беріп көргенмін. Осыдан кейін, мұғалім боламын деген мақсатым қалыптасты.

Білім беру саласында ер мұғалімдердің рөлі өте жоғары деп ойлаймын. Бір қызығы оқушылар ер мұғалімдердің сабақ түсіндіргенін тез ұғып алады. Ер мұғалімдер тақырыпты ауқымды етіп түсіндіруімен ерекшеленеді.

Ең бастысы, ер мұғалімдер мектепте әке тәрбиесін ер балаларға сіңіре алады. Мектепте ер балалар өзінің өмірінде болып жатқан келеңсіз жайттарды шешуге көмектесетін, ақыл қосатын адамды іздейді. Сол кезде қасында арқа сүйер ер мұғалім болғаны қандай жақсы.

Авторлардан:

Мамандар мен болашақ ұстаздардың пікірі бір арнаға құйылғандай. Яғни, ер мұғалімдерді көбейту үшін әлеуметтік, қаржылық мәселелер шешілуі тиіс. Бүгінгі таңда бұл шешімін таба бастады: «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданды, ұстаздардың еңбекақысы елдегі орташа жалақыдан көтерілді. Қағазбастылық та азайып жатыр. Бірақ мектепке асыққан ерлер саны артқан жоқ. Не істеуге болады? Ұсыныстар көп. Соның бірі, педагогикалық білім беретін жоғары оқу орындары жанынан тоғызыншы сыныптан кейін қабылдайтын ер балаларға арналған сыныптар ашу. Яғни, конкурс тәртібімен білімді оқушыларды іріктеп алып, педагогикалық кәсіптік бағдар беру. Бұл ертеректе болған тәжірибе. Өзім де сондай курстың түлегімін. Тәуелсіздік алған жылдары бұл даярлық сыныптары жүздеген бозбалаға жоғары білім алуға көмектесіп, елімізді көтеруге еңбек еткен жақсы мамандар даярлап шығарды. Кейінірек бұл үрдістің қарқыны байқалмай қалды. Осындар мазмұнды ұсыныстың салдары болашақта өз шешімін тауып, дәстүрлі үдеріске айналса, көкейтесті мәселенің оңтайлы шешімін тапқан болар едік. Жалпы, білім беру саласы – қоғамның негізгі қозғаушы күші. Демек, бұл салада кіл кәсіби мамандар қызмет етуі қажет. Ал, білікті педагогтардың қатарында ер мұғалімдердің де үлесінің көп болуы білім алушылардың тек білімдік тұрғыдан сауатты болуына емес, әлеуметтік, психологиялық, тұлғалық дамуына да оң ықпалын тигізеді анық.

Қайырбек САНСЫЗБАЕВ, Ақжарқын МҮТІЕВА



Техника ғылымдарының докторы, профессор, «Ы.Алтынсарин» төс белгісінің иегері, ұзақ жылдар физика-математика факультетінің деканы қызметін атқарған ұлағатты ұстаз Кенжеғұлов Бекет туралы ойланғанда көз алдыға еліміздің батыс өңіріндегі үлкен білім шаңырағы саналатын, Атыраудағы еңсесі биік білім ғимаратына күн сайын ертермен ширақ адымдап, кездескен жанның бәрімен жадырай амандасатын әдетінен жаңылмайтын жігіт ағасы тұра қалады. Бұл көріністің үздіксіз қайталанғанына біраз жылдар болыпты. Жігіт ағасы ел ағасына айналып та үлгерген. Есімі құрметпен аталатын ұстаз-ғалымның білім беру және тәрбиелеу, ғылым, басшылық ету салаларын біте қайнастырып, тұтас етіп ұстағанына да 40 жылдай уақыт өтіпті. Үшеуіне де ала-құласыз еңбек пен өмір, талант қатар жұмсалған ғұмыр.

Бекет Кенжеғұлов Зинешұлы 1960 жылы 28 қазанда, күрең күздің мезгілінде Гурьев облысы, Махамбет ауданы, Тополи ауылында (қазіргі Ө.Атанбаев елді мекенінде) дүниеге келген. 1978 жылы қазақпылықтың қаймағы бұзылмаған ауыл мектебін – Махамбет орта мектеп-интернатын үздік бітіруі болашағына жарқын жолдың бастамасы болды, математика мамандығын таңдауына ықпал етті. Алматыға алып келген арманы алдамады. С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) Қазақ Мемлекеттік университетіне оқуға түсті.

1983 жылы университетті тәмамдап, Министрліктің жолдамасымен Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтына математик-оқытушы болып жұмысқа орналасады. Педагогтық қызметін «математикалық талдау» кафедрасының оқытушысы (1983–1986 ж.ж.) болып бастаған жас жігіт, 1986–1988 ж.ж.әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің стажер-зерттеушісі лауазымына ауысады. Алдына қойған нақты мақсатқа жетуді көздеген ол 1988–1992 ж.ж. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің күндізгі бөлім аспиранты ата-



ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР ИЕСІ - МЕРЕЙЛІ ЖАСТА

нады. Ғылымның жолындағы алғашқы және сәтті қадамы осыдан басталды. Сөйтіп, туа біткен қабілеттілік пен тынымсыз еңбек нәтижесінде 1992 жылы физика және математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленді.

Білімін жетілдіріп, ғылыми дәрежесі көтерілген Бекет Зинешұлы Атырауға қайта оралып, баяғы өзінің математикалық талдау кафедрасында оқытушылық қызметін жалғастырды (1992–1994 ж.ж.). Осы тұста талапты жасқа елге есімі мәлім ұстаздарға кенде емес физика-математика факультетіндегі ортаның қаншалықты әсер еткені әмбеге аян. Жер бетінде университет секілді қастерлі орын көп емес. Университет – адамдар зердесіне ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұратын от. Университет – елдің есеюі. Өткен өмірінде Р.Шакибалиев, Ғ.Даиров, Қ.Қамматов, Т.Жұманова т.б. білім мен тәрбиеге, ғылым мен мәдениетке ерекше ықыласты еңбек сіңірген елдің естілерімен үзеңгілес болу бақыты маңдайына бұйырғанын Бекет Зинешұлы естен шығарған емес.

Көргені мен оқығанынан түйері мол азаматтың әрдайым есебі түзу шығып, жолы ашық болады емес пе?

1994–2000 ж.ж. аралығында Алгебра және геометрия кафедрасының меңгерушісі лауазымында қызмет етті. 1997 жылдың шілде айында ҚР Министрлер кабинеті жанындағы жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен математика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын иеленді;

2000–2009 ж.ж. – физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы қызметінде атқарды. Бұл жылдар көп уақыт пен күш-жігерді, үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыстар атқарылған жылдар болды. Еңбек өз жемісін көрсетті. Бекет Зинешұлы басқарған факультет оқу-тәрбие саласының барлық бағыты бойынша үнемі бірінші орында болды.

Ғылым саласы алуан түрлі. Осы сан алуан саланың шешуін таппай жатқан проблемалары да жеткілікті. Оның ішінде математикалық модельдеу бағытындағы зерттеу жұмыстары елеулі орын алады. Көптеген ғалымдар осы саланың есептеулеріне назар аудара бастады.

2009–2010 жылдары–ҚР ҒА Математика институтында күндізгі бөлім докторанты бола жүріп, «Численное моделирование многомерных температурных и одномер-

ных нелинейных термомеханических процессов в жаропрочных сплавах» тақырыбындағы жұмыспен айналыса бастайды. Нәтижесінде 2010 жылдың 30 сәуірінде 051318 –математикалық модельдеу, сандық әдістер және бағдарламалар кешені мамандығы бойынша техника ғылымдарының докторы атағын иелену үшін докторлық диссертациясын сәтті қорғайды.

Түп қазығынан ажырамайтын ердің ісін жасап, университеттегі жұмысын жалғастырады. 2010–2011 ж.ж. экономика және басқару факультетінің деканы, 2011–2020 ж.ж. физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы қызметтерін атқарады.

Педагогикалық ұжымды басқарумен қатар ғылыми-әдістемелік жұмыстарды қосарлана жүргізу ерен еңбекті, шығармашылықты, ізденуді, жаңашылдықты талап етеді. Осындай қасиеттердің арқасында ғалымның алған қиялары алыстан мұндалап тұратындай көрінеді. Б.Зинешұлының жеке жұмысы ретінде 1 монографиясы, 7 оқу құралы, ҚР ҰҒА-ның басылымдарында баяндамалары мен шет мемлекеттердің ғылыми журналдарында 130-дан астам мақалалары жарық көрген. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы 13 шілдедегі шешімімен 051300-мамандығы бойынша профессор ғылыми атағын иемленуі бәріне берілген баға, тынымсыз атқарған еңбектің жемісі.

Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры Б.Кенжеғұлов «Физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультетінің тарихында факультетті ең ұзақ басқарған және дамуына көп еңбек сіңірген декан болып есептеледі.

«Көрсем, білсем, жетілсем» дегенді ұстаздық кредо етіп ұстанған Бекет Зинешұлы – ұстаздық қызметімен қоса қоғамдық қызметті атқарған тұлға. 2012 жылдың қаңтарынан 2016 жылға дейін V шақырылған Атырау облыстық Маслихатының депутаты болды, 2016 жылдан бастап Атырау облысы қоғамдық Кеңес мүшесі.

Б.Кенжеғұловтың еліне сіңірген еңбегі елеусіз қалмады. Кеңес Одағы кезеңіндегі ОК ЛКЖО «Құрмет грамотасы» (1985), БО ЛКЖО «Құрмет грамотасы» (1985) және ҚР БЖҒМ «Құрмет грамотасы» (1993), РФ Ленин орденді СБ БМ

(XIX оқушылар арасындағы математикадан Халықаралық олимпиаданың мүшесі болған үшін) «Құрмет грамотасы» (1993), Атырау облысының әкімінің «Құрмет грамотасы» (2001); Х.Досмұхамедов Атырау мемлекеттік университетінің «Алғыс хаты» (2001), Құрмет грамоталарымен және Ы.Алтынсарин төс белгісімен (2010), Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс Хатымен» (2013, 2015), «Қазақстан мәслихаттарына 20-жыл» мерекелік медалімен (2015), ҚР БЖҒМ «Құрмет грамотасы» (1993, 2005, 2017) марапатталған.

Азаматтың бағасы әркез елі мен жеріне еткен қызметімен өлшенбек. Біздің аңгіменің кейіпкері, адам баласын қисынды ойлауға бағыттайтын математика ғылымының әлемін жетік меңгеріп, қазақ елінің жастарын, болашақ мамандарын тәрбиелеуде үздіксіз еңбек етіп келе жатқан, республиканың ғылыми ортасына, Атырау жұршылығына кеңінен танымал ғалым-ұстаз – Кенжеғұлов Бекет осындай сан қырлы тұлға.

Біліммен жетіліп, ғылыммен достасып, оқыту мен тәрбиелеу ісінде өзіндік қолтаңбасын салып, ұстаздық қызмет еткен 37 жыл аралығында Бекет Зинешұлының ғылыми жетекшілігімен түрлі конкурстардың жеңімпаздары аталған студенттер мен магистрлердің мақтау марапаттары, «2020 жылдың ЖОО үздік оқытушысы» атағы – университет үшін үлкен мақтаным, зор мәртебе.

Шәкірттері арқылы мәңгі жасайтын ұстаз бақытына ие болған жан – ерен ерлікке пара-пар қасиетті еңбек иесі деп атауға әбден лайықты.


Қадірлі Бекет Зинешұлы!

Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, толымды шығармашылық табыстар тілейміз. Шаңырақтың шырайын келтіріп отырған білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Балзия Хамиқызы екеуіңіздің бала-немерелер ортасында сыйластықпен өтіп жатқан бақытты сәттеріңіз таусылмай, жарасымды жалғасын тауып, жанұяңыз бақытқа кенеле берсін деген жүреужарды тілегімізді білдіреміз.

«Физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультеті, «Математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының ұжымы



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

 <p>Қазақстан Республикасы Атырау қаласы Студенттер даңғылы, 212</p>	<p>Редакция:</p> <p>Қ.Сансызбаев – Редактор П.Тулин – дизайнер-бет құрушы «Университет» газетінің меншікті тілшілері: Ә.Кенжетай</p> <p>Н.Жаңбырбай А.Мутиева А.Өтемісқызы А.Сәлімгерейқызы Электрондық пошта – media@asu.edu.kz</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.</p> <p>Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1583 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй</p> <p>Таралымы 1000 дана</p>
---	--	---